20.09.2023 күні 1 курс студенттер арасында "Ізгілікке қалам тартқан жас ғұмыр!" тақырыбында "Балалар кітапханасы" жобасы аясында кітапханалық сағат өткізілді. Жас оқырмандармен кездесу, оқыған кітаптары мен шығармалары туралы ой-пікірлерін ортаға салып талқылау. Жас буынның әдебиетке, шығармашылыққа деген рухани талпыныстарын жетілдіру.

03.10.2023ж 1 қазан қарттар күніне орай «Қарттарым асыл қазынам» атты арнайы іс-шара ардагер ұстаздарымен ардагер қонақтарымызбен концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Студенттердің бойына халқымыздың қадір-қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлай білуге, өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу.

6.10.2023ж «Ұстаз – ұлағатты есім» ұстаздар күніне орай өткізілетін салтанатты жиынды колледжіміздің белсенді студенттері ұстаздар қауымын құттықтау мақсатында концерттік бағдарлама ұйымдастырып жоғары деңгейде өткізілді.

18.10.2023ж «Жасөспірім арасындағы буллинг және кибербуллинг» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. Ата-аналар және студенттер буллинг және кибербуллингтің қандай жағдайларға әкеліп тіреуі мүмкіндігімен таныстырылды. Ата-ана баласын келеңсіздіктерден қорғау мәселесі кеңінен айтылып, әр топпен жеке өткізілді. Топ кураторлары өткізді.

07.11.2023ж ТБ-9-23-1 группасымен «Білім алушылардың еңбекке баулуға тәрбиелеу» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Адамның адам болып қалыптасуының құралы – еңбек. Еңбектің нәтижесі әрбір адамға, оның еңбекке саналы, шығармашылық көзқарасына байланысты. Бүгінгі таңда жас ұрпақтың бойында еңбекке ынталандыруды тәрбиелеу, болашақ еңбек жолын дұрыс таңдауға баулу. Топ кураторы:Туменбаева Г

13.12.2023ж 16 желтоқсан тәуелсіздік күніне орай «Желтоқсан ұшқыны» атты дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелге Жамбыл облысы «Желтоқсан ұшқыны» қоғамдық бірлестік төрағасы Кеншинбаев Талғат Дүкенбайұлы мен Тб-9-23-1 топ студенттері қатысты. Елін, жерін, тілін құрметтейтің, өз Отаның сүйетің азамат қалыптастырып, от жүректі өжет мінезді ұл қыздардың ерлік істеріне мәңгі құрмет көрсетуге баулу. Патриоттық сезім қалыптастыру. Тәуелсіздік ұғымын түсіндіру. Тәуелсіздік жолында құрбан болған қазақ халқының ерлігімен таныстыру. Еліміздің тәуелсіздік алған жылдар ішіндегі жеткен жетістіктерімен таныстыру. Студенттерді туған жерін, елін сүйеті, ұлтжанды, намысшыл, адамгершілігі мол азамат және азаматша етіп тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылды.

20.12.2023 ж «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» тақырыбы аясында МДТ-9-22-1 тобы ата-аналарымен отбасы - адамзат бесігін тербеткен баланың бас ұстазы – ата - ана. Ұлтымызда «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген дана сөз бар. «Бала қыран болу үшін оны самғатып ұшыратын ата немесе әке де қыран болу керек»- деп отбасылық тәрбиеге ерекше тоқтаған. Әр отбасында ата - ананың орны бөлек. Бала әкеден - ақыл, анадан - мейірім алады. Әке - отбасының асыраушысы, қамқоршысы, тірегі деп

білесің, ана отбасының ұйтқысы, жылуы, шуағы, жақсы ана отбасына береке әкеліп, жанұясын бақытқа бөлейді. Топ кураторы: Қуаныш А, ата-аналар

Студенттерді жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын азаматтарды тәрбиелеу колледждің мақсаты.

Жалпы тәрбие жұмыстарында I жарты жылдықта жоспарланған іс-шаралар орындалды, азаматтық-патриоттық және рухани тәрбиелеу бойынша, кәметке толмаған балалар арасында құқық бұзушылықты, бақылаусыздықты ескерту бойынша нәтижелі жұмыс жүргізілді.

2023-2024 оқу жылының 2 жарты жылдығында өткізілген іс-шаралар.

17.01.24-17.02.24 ж аралықта «Досбол Like» республикалық акциясы ұйымдастырылды. Оның басты мақсаты – ұжымдық негізде колледж студенттерін арасында жақсы қарым-қатынасты орнату. Оның аясында колледжімізде әр группа арасында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Ұжымдық шығармашылық істердің арқасында бір-біріне адалдық, қамқорлық және қолдау сияқты қасиеттерді бойларына сіңірді.

13.02.24 ж Ақиық Мұқағали Мақатаевтың туылған күніне орай “Мен өмірді жырлау үшін келгенмін” атты 1 курс студенттерімен мәнерлеп оқу байқауы өткізілді. Әр топтан белсене қатысқан студенттер 3 кезең бойынша бақ сынасты. Ақынның шығармалары туған халқына деген сүйіспеншілігін, махаббатын, өмірге деген құштарлығын жырлауға арналған.

14.02.24ж Колледж студенттері Қаратай Тұрысовтың туғанына 90 жыл толуына орай «Елінің біртуар кеменгері» атты еске алу кеші өткізілді. Ұлы тұлғаның өмір жолынан ерлік істерінен мәлімет беру, студенттерді әдептілікке тәрбиелеу. Отансүйгіштікке, адамгершілікке сезімдерін ояту.

21.02.24ж Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай колледжіміздің 1 курс студенттері «Ауғанның асуына от кешкендер...» атты ауған соғыс ардагерлері мен кездесу өткізілді. Кездесу барысында студенттер ардагерлерге сұрақ қойып, көрініс арқылы өз өнерлерін көрсетті.

01.03.24ж көктемнің алғашқы күні – Алғыс айту күніне орай колледж студенттері ыстық ықылас пен өз тілектерін білдіріп құттықтау бейнерөліктерін арнады. Алғыс айту күні – сан түрлі сынақтардан өткен халқымыздың ынтымақ-бірлігін айғақтайтын ерекше күн.

14.03.24ж 14 наурыз «Амал мерекесі». Студенттерімізге қазағымыздың салт-дәстүрлерінің бірі амал мерекесінің ерекшелігімен таныстыру және үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге сыйластыққа баулу.

14.03.24–23.03.24ж аралығы «Наурызнама» деп аталып «Көрісу күні», «Қайырымдылық күні», «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні», «Шаңырақ күні», «Ұлттық киім күні», «Жаңару күні», «Ұлттық спорт күні», «Ынтымақ күні», «Жыл басы», «Тазару күні» деп наурыз аралығында Наурызнама онкүндігі өткізілді.

03.04.24ж Жамбыл облысының 85 жылдығына орай «85 Игі іс» жобасы бойынша «Қарттарым асыл қазынам» тақырыбы бойынша ТБ-9-22, ТБ-9-21 тобының студенттері қарттар үйіне барып тазалық жұмыстарын жүргізіп, үлкендердің баталарын алып қайтты.

05.04.24ж Дүниежүзілік денсаулық күніне орай колледжіміздің 1 курс студенттерінің қыздар арасында «Спорт денсаулық кепілі» атты эстафеталық жарыс өткізілді. Салауатты өмір салтын насихаттай отырып эстафета спорттық ойынын дамыту және студенттердің арасында достық қарым-қатынасын нығайту. Студенттердің денсаулығын арттыру және шапшаңдыққа, жылдамдыққа, төзімділікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

08.04.24ж «Қыздардың бой жетуі» атты тақырып негізінде №5 поликлиникамен бірлесе отырып студенттердің арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу. Жастардың адам тәрбиесі мен қоғам тәрбиесіне байланысты көзқарастарын дұрыс қалыптастыра отырып, болашаққа ұрпақ камын, ұлт тағдырын ойлайтын қоғамның мүшесі болуларына жағдай жасау, ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында түсініктеме жұмыстары жүргізілді.

11.04.24ж «Тазалық саулық негізі» тақырып аясында Жамбыл облысының 85 жылдығына орай «85 Игі іс» жобасы бойынша колледжіміздің студенттері «№1 Арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну орталығына» барып, жеміс ағаштарын отырғызып т.б қосымша тазалық жұмыстарына көмектесіп қайтты.

15.04.24ж «Жаныңда жүр жақсы адам» атты тақырып аясында Жамбыл облысының 85 жылдығына орай «85 Игі іс» жобасы бойынша колледжіміздің А-9-21, А-9-22-2, ТБ-9-21 топтарының студенттері «Үміт» мамандандырылған бөбектер үйіне барып тазалық жұмыстарын жүргізіп, көмектесіп қайтты.

22.04.24ж «Ұлы Жошының 800 жылдығы: зерттеушілер тарихтың негізгі аспектілері» атты тақырып бойынша топ кураторлары тәрбие сағаттарын өткізді. Қазақ тарихында еліміздің ұлт болып қалыптасуына негіз болып саналатын Жошы Ұлысының тарихымен таныстыру.

23.04.24ж «Жошы ұлысының рухани – әдеби мұрасы» атты көрме ұйымдастырылды. Көрмеге Жошы ұлысының құрылу тарихы негізінде бірнеше кітаптар қойылды.

26.04.24ж «Бәрі де, ана бір өзіне арналады» атты «Аналар» күніне орай белгілі қазақстандық тұлғалардың аналарымен, колледж студенттерімен кездесу өткізілді. Кездесу барысында студенттер аналарға белсенділік танытып, көкейлеріндегі сұрақтарды қойып, жылы сұхбаттасу болды.

01.05.24ж 1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі күніне орай «Бір үйдің баласындай» атты 1 курстар арасында колледжішілік ұлттар байқауы өткізілді. Байқауға топтар белсене қатысып, өз өнерлерін жоғарғы дәрежеде көрсете білді. Халықтар арасындағы достықты нығайту, студенттердің достық қарым-қатынастарын қалыптастыруды жалғастыру, Қазақстанның өркендеуіне достық арқылы өз үлестерін қосуға баулу.

03.05.24ж «Ана деген тіршіліктің тірегі» тақырыбы «Аналар» күніне орай ТБ-9-23-2 тобы тәрбие сағатын өткізді. Студенттерді аналарды ардақтауға, мейірімділікке сый-құрметке тәрбиелеу, ой –өрісін, тіл байлығын жетілдіру. Ата-ана алдындағы парызы мен міндеті туралы түсініті қалыптастыру.

06.05.24 ж 7 мамыр «Отан қорғаушылар» күніне орай «Ел ертеңі бүгінгі жастар» атты тақырып аясында 1 курс студенттері Тараз өңірлік гарнизонының әскери полиция басқармасына, колледжіміздің «Ветеринария» мамандығының арнайы пән оқытушысы Қартабаев. Қ, Алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушысы Жолдыбай.А жетекшілік етіп алып барды. Мекеме ішінде бірнеше тың дүниелерімен танысып, іс-тәжірибе жүзінде көрсетіп, қызметкерлері практикалық нәтиже есебінде кеңінен, жан-жақты таныстырып шықты. Ел болашағына болжаммен қарап, келешекке көз жүгірте отырып жас буынды адамгершілікке, ұлтжандылыққа, Отанды, ата-ананы қастерлеуге тәрбиелеу.

10.05.24ж 9 мамыр «Ұлы Жеңіс» күніне орай «Жалынды жастар» атты 1 курс студенттерімен әскери эстафеталық жарыс өткізілді. Жарыс 5 кезеңнен болып, әр кезең бойынша топ студенттері өз күштері мен шапшаңдықтарын көрсете білді. Студенттерді ерік-жігерлі, қайсарлы болуға, спорттық ойындарға бейімдеу арқылы қызығушылықтарын арттыру.

23.05.24ж 23 мамыр күні колледжімізде «Жастар ресурстық» орталығымен бірлесе «Тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді» атты кездесу өткізілді. Аталмыш іс-шараға Желтоқсан ұшқыны төраға орынбасары мен ардагерлері келіп тәрбие тақырыптары бойынша кеңінен талдап-талқылап айтып, студенттерде сұрақтар қойып, еркін өздерін көрсете білді.

24.05.24ж Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен «Отбасылық зорлық-зомбылық жол жоқ!» атты студенттерге кеңес беру және түсіндірме жұмыстарын жүргізу бойынша кездесу өткізілді. Іс-шара қонағы: «Жанұя» медициналық орталығының психолог маманы Елена Владимировна. Жастар қоғамдағы өзекті мәселені талқылап, сұрақтарына жауап алды.

3.06.24ж «Даналық мектебі» клубының жоспарына сәйкес «Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі» атты Қазақстандық боксшы Сәттібаев Олжас пен Ұлттық құрама командасының мүшесі, көкпаршы Тұрғанбек Құрманбек келіп студенттермен кездесу өткізілді. Студенттерде сұрақтар қойып, барлығы белсене қатысты.

4.06.24ж 4 мамыр Рәміздер күніне орай «Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтанышымыз» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер туралы түсінік пен тарихи маңызы жайлы насихаттау. Отанына, халқына адал қызмет етуге тәрбиелеу.

4.06.24ж 4 мамыр Рәміздер күніне орай «Тәуелсіз Қазақстанның ең басты символдары» атты көрме ұйымдастырылды. Көрмеге бірнеше кітаптар қойылып, кеңінен түсінік берілді. Елдің елдігін, мемлекеттілігін айқындайтын басты құндылықтар ол- елдің шекарасы, астанасы және мемлекеттік рәміздер.

Студенттерді жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын азаматтарды тәрбиелеу колледждің мақсаты.

Жалпы тәрбие жұмыстарында II жарты жылдықта жоспарланған іс-шаралар орындалды, азаматтық-патриоттық және рухани тәрбиелеу бойынша, кәмелетке толмаған балалар арасында құқық бұзушылықты, бақылаусыздықты ескерту бойынша нәтижелі жұмыс жүргізілді.

5.3. 2023-2024 оқу жылындағы білімгерлер контингенті бойынша әлеуметтік тұрмысы төмен, мүгедек және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білімгерлер тобымен жұмыс.

2023 – 2024 оқу жылындағы білімгерлер контингенті бойынша

Р/с	2023 – 2024 оқу жылы	I жарты жылдығында білімгер саны	II жарты жылдығында білімгер саны
1	Білімгерлер контингенті	709	709
2	Ұлдар саны	308	308
3	Қыздар саны	401	401
4	тұл жетімдер	6	6
5	Көпбалалы отбасынан шыққан білімгерлер	212	212
6	Аз қамтылған отбасынан шыққан білімгерлер	60	60
7	Мүгедек білімгерлер	15	15
8	Толық емес отбасынан шыққан білімгерлер	75	72
9	Әкесімен тұратындар	6	6
10	Шешесімен тұратындар	32	32
11	Жеке пәтерде тұратындар	75	75
12	Кәмелеттік жасқа толмағандар	313	313
13	Кәмелеттік жасқа толғаны	396	396
14	Сырттан келген білімгерлер	10	10
15	Жатақханада тұрып жатқан білімгерлер	70	70

Колледждің әлеуметтік-педагогикалық жұмысының мақсаты:

Колледждің әлеуметтік осал топтағы студенттеріне әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, білімгерлердің әлеуметтік-психопедагогикалық ерекшеліктерін тексеріп және олардың микроорталығын, өмір сүру жағдайын, қажеттілігі мен қызығушылығын байқап, қиындығы мен проблемаларына, тәртібіндегі ауытқулар кезеңінде тез арада көмек және қолдау көрсету.

Міндеттері:

- Колледж студенттерінің әлеуметтік жағдайын жан-жақты зерттеу және болжау, сол арқылы әлеуметтік шаралардың орындалуын қамтамасыз етіп, бала үшін білім алуға қолайлы орта құру;

- «Бала-отбасы-Колледж» моделіндегі әлеуметтік-педагогикалық жұмыс негізінде әлеуметтік жетімдіктің алдын алу;

- Студенттердің құқықтық, әлеуметтік білімі мен жауапкершілігін қалыптастыру, баланың жан-жақты дамуын әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу.

Ұйымдастыру іс-шаралары:

1. Топтарға, колледжге әлеуметтік паспорттауды жүргізу;

2. Отбасылармен жүргізілген жұмыстар;

3. Әр түрлі есепте тұрған оқушылармен жеке -профилактикалық жұмыс;

4. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық) өзара іс қимыл жүргізу жұмысы,

5. Диагностикалық жұмыс.

2023–2024 оқу жылының басында әлеуметтік педагогтың жекеленген жылдық жұмыс жоспары жасалынып бекітілген, сол жоспарлар бойынша жұмыс атқарылып келеді.

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында ыстық тамаққа қажетті құжаттарды жинау.

Күндізгі бөлімде оқитын мемлекеттік тапсырыс негізінде 530 студент оқиды. 326 студент тиісті құжаттар тапсырып, ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Ыстық тамақпен қамтылған студенттер саны 326. Оның ішінде жұмысшы мамандығы, нәтижелі топтары құжат тапсырмайды автоматты түрде алады.

Ыстық тамаққа бөлінген 1 күндік қаражат

1	Жетімдер	1398 теңге
2	Қамқоршысы барлар	559 теңге
3	Ыстық тамақпен қамтамасыз ету білімгерлер саны	326

2024 жылдың қыркүйек айында аз қамтылған отбасынан шыққан 72 студент, көп балалы отбасынан шыққан 212 студент, тұл жетім және ата-

анасының қамқорлығынсыз қалған студенттер саны: 7 студенттің бір мезгіл ыстық тамаққа бөлінетін қаржы жеке шотына аударылып тұрады. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттердің саны-6. Тұл жетім-1. Оларға жылына берілетін бір реттік жәрдемақы (киім-кешекке) беріледі. Кәмілет жасқа толмаған 3 студент бар.

5.4. «Қыздар-ай» қыздар кеңесінің жұмысы

2023 – 2024 оқу жылына арналған «Қыздар-ай» қыздар ұйымының жұмыс жоспары бекітіліп, «Қыздар-ай» қыздар ұйымының төрайымы болып 2 курс ТБ-9-22 тобының білімгері Үшкөмпір Сания сайланды. «Қыздар-ай» қыздар ұйымының хатшысы болып ТБ-9-22 тобының білімгері Озгуль Асия сайланды. Қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр айларында іс-шаралар өткізіліп қыздармен пікір алмасып, сұхбат өткізілді.

«Қыздар-ай» қыздар кеңесінің мақсаты: Колледждегі әрбір қыз баланы, ибалылық сақтауға баулу, адамгершілік, имандылық, эстетикалық тәбие беру. «Қыздар -ай» қыздар кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жоспары бекітілген. Осы жоспар бойынша жұмыс жүргізіледі. Жоспар бойынша айына 1 рет қыздар жиналысы өткізіледі.

Қыркүйек, қазан айларында «Ажарлы, сұлу, ғажап қыздары қандай қазақтың» қыздары атты дөңгелек үстел, «Әдептен озбайық» тақырыбында әңгіме сұхбат өткізілді. Қараша, желтоқсан айларында «Жеке бас гигиенасы», «Спид» ауруы, жұғу жолдары тақырыбында тренинг өткізілді. «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында гинеколог врачпен кездесу өтті. Ақпан, наурыз айларында «Әсемдік әркімге жарасады» ұлттық киімдер үлгісі, «Қыз өссе-елдің көркі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Сәуір, мамыр айларында «Озар елдің қызы мінезді келеді» пікір алмасу, «Ішімдік ішу, шылым шегу, нашакорлық» тақырыптарына кездесулер өткізілді.

5.5. Дене шынықтыру мен спортты дамыту, үйірмелер.

Барша халық бұқарасын, әсіресе студент жастарды мақсатқа бағытталған өзін-өзі жетілдіруге қызықты және пайдалы істермен, дене жаттығулары, спортпен шұғылдануға салауатты өмір салтын ұстануға табанды қажеттілігін қалыптастырады.

Дене шынықтыру және спорт мамандарының кәсіби деңгейі арта түседі, оларды өлкетану, ғылыми ізденістерге бұқаралық спортты қоғамдық тарихи құрылыс ретінде насихаттауға жүйелі түрде тартады.

Дене шынықтыру мен спортты дамытушы, салауатты өмір салтын насихаттаушы, бәсекеге қабілетті, ел намысын қорғай алатын, күзіретті, жаңартылған білім мазмұнын меңгерген маман даярлау педагогтың шығармашылық ойлауын дамыту, педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін және кәсіби шеберлігін арттыруды қамтамасыз ету, педагогикалық ұжымның ғылыми-әдістемелік мүмкіндігін жетілдіру болып табылады.

Ұрпақтар сабақтастығына, қоғамдық – саяси жұмыстарға, салттар мен дәстүрлерге барынша мән беріп, оқу – тәрбие жұмыстарына аға ұрпақ өкілдерін қатыстыру дәстүрге айналып отыр.

Патриоттық және әскери – патриоттық тәрбие жұмысы – тәрбие жұмысының үлкен бір маңызды бағыты. «ЦӘК» бірлестігі – бүгінгі таңда заман талабына сай жыл сайын ғылыми - әдістемелік ізденістерімен жұмыстанып келеді.

Қазіргі таңда колледжде білім алумен қатар, спортты да ұштастырып жүрген студенттер өте көп.

Ұстаздарымыз жыл сайын арнайы оқу курстары арқылы білімдерін толықтырып, жаңа технологияның тілін меңгеріп, талабы мен талғамы жетік заманауи білім беруге дайындықтарын жетілдіруде.

Оларға қойылатын басты талап – біліктілігімен қатар, ұстаз деген ұлы есімге лайықты, өзінің шәкірттеріне үлгі боларлықтай кәсібилігі мен көркем мінезінің болуы. Шәкірт ұстазға қарап бой түзейді. Оның мінезі мен танымына, білім деңгейіне қарап ой түзейді.

Сондықтан ұстаздарға артылар жүктің жеңіл еместігі белгілі. Колледж ұжымы және «ЦӘК» бірлестігі жас ұрпақ тәрбиесін дұрыс жолға қоюда, дене тәрбиесі және спорт мамандарын дайындауда барлық әдістемені іске асырып әр ұстаз өз білімін жетілдіру жолында үлкен ізденіс үстінде.

Соның нәтижесінде кафедра оқытушылары мен түлектері, студенттері әр жылдар алуан атақтарды жеңіп алып отырды.

Осының бәрі педагогикалық ұжымның «ЦӘК» бірлестігі оқытушыларының, студенттердің ұйымшылдығы мен іздемпаздықтарына тікелей байланысты.

№	Жалпы колледжер студенттері саны	Соның ішінде спорт секциясына қатысатындар саны	Спорт клубтарының жалпы саны	Футбол	Волейбол	Тоғыз құмалақ	Қазақша күрес	Шахмат	және т.б.	%
Жылдар	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
2022-2023 оқу жылы	350	300	6	40	65	15	18	22	140	85%
2023-2024 оқу жылы	390	390	6	67	44	26	39	38	176	85%

Р/с	Білімгерлердің бос уақытының ұйымдастырылуы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
1	Спорт секциясы	300	350	390
2	Колледжден тыс спорт секциясы	20	30	40
3	Пәндік үйірме	118	90	100
4	Би үйірмесі	11	13	18
5	Бос білімгерлер	40	60	30
	Жалпы	489	543	578

2023-2024 оқу жылы өткізілетін спорт секцияларының жүргізілуі

P/c	Спорт секция түрі	саны	Өткізілетін орны	Жауапты
1	Футбол	20	Сатпаева №1а спорт кешені	Ажиреев Д.У.
2	Волейбол	20	Сатпаева №1а спорт кешені	Тастандиев М.К
3	Жеңіл атлетика	20	Сатпаева №1а спорт кешені	Әмірхан.Т.
4	Үстел теннисі	20	Хореография 202 кабинет	Тастандиев М.К.
5	Баскетбол	20	Сатпаева №1а спорт кешені	Әмірхан.Т.
6	Тоғызқұмалақ	20	Оқытушылар бөлмесі	Тастандиев М.К.
Спорт секциясына барлығы		120		
7	Колледжден тыс спорттық секцияларға қатысатын білімгерлер	126		
Жалпы		246		

2023-2024 оқу жылының білімгерлердің жеткен жетістіктері

p/c	Жарыстың атауы	Облыстық Қалалық жетістіктер	Жарыс түрі	Жарыстың өтілген уақыты	команданың ішінде орын
1	"25 қазан Республика күн" мерекесіне орай "Республика кубогі" атты студент жастар арасындағы спартакиада	Облыстық Қалалық	Жеңіл атлетика	26.09.2024ж	3
			Кіші Футбол	27.09.20024ж	5
			Тоғызқұмалақ	08.10.20024ж	2
			Асық ату	08.10.20024ж	5
			Үстел теннисі	08.10.20024ж	6
			Волейбол	13.10.20024ж	11
	Баскетбол	17.10.20024ж	12		
2	Футзал спорт түрінен Тараз политехникалық колледжінің 25 жылдығына орай студенттер арасындағы облыстық турнирі	Облыстық Қалалық	Футзал	05.12.2024ж	9
3	16-Желтоқсан ҚР Тәуелсіздік күніне орай Волейбол ауыспалы кубок қыздар арасындағы	Облыстық Қалалық	Волейбол	07.12.2024ж	6
4	16-Желтоқсан ҚР Тәуелсіздік күніне орай Волейбол ауыспалы кубок ұлдар арасындағы	Облыстық Қалалық	Волейбол	14.12.2024ж	5

5	TURKIC WORLD CHAMPIONSHIP 2024 Шахислам Ағаділ	Респуб ликалық		09.06.2024ж	1
6	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты 15-Сәуір Қозы Көрпеш-Баян сұлу күніне орай «Жігер» спорт клубының ұйымдастыруымен, институтымыздың студенттер арасында өткізілген	Қалалық	Бампербол	12.03.2024ж	Белсене қатысқаны үшін
7	Балуан Шолақтың 160 жылдығына орай жас өспірімдер арасында қазақ күресінен «Жас барыс» облыстық турнирінде 2-орын алған Шығанақ Нұрдаулет	Облыстық	Қазақ күресі	20.09.2024ж	2
8.	Балуан Шолақтың 160 жылдығына орай жас өспірімдер арасында қазақ күресінен «Жас барыс» облыстық турнирінде 2-орын алған Сейтқұл Бекасыл	Облыстық	Қазақ күресі	20.09.2024ж	3

**2023-2024 оқу жылының оқытушылардың жеткен
жетістіктері**

р/с	Жарыстың атауы	Облыстық Қалалық жетістіктер	Жарыс түрі	Жарыстың өтілген уақыты	команданың ішінде орын
1	Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күніне орай Кіші футболдан техинкалық және кәсіптік білім беру педогогтерінің арасында облыстық ауыспалы кубок Оқытушылар арасында	Облыстық Қалалық	Кіші футболдан	06.12.2024ж	5
2	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының профессор- оқытушылар құрамы мен қызметкерлері арасында боулингтен өткен турнирде	Қалалық	Боулинг	22.11.2024ж	2
3	25 қазан Республика күн" мерекесіне орай "Республика кубогі" атты студент жастар арасындағы спартакиадасының өтуіне белсене атсалысқаны үшін Әмірхан.Т.	Қалалық	-	23.10.2024ж	Алғас хат
4	25 қазан Республика күн" мерекесіне орай "Республика кубогі" атты студент жастар арасындағы	Қалалық	-	23.10.2024ж	Алғас хат

	спартакиадасының өтуіне белсене атсалысқаны үшін Ажиреев Д.У.				
5.	25 қазан Республика күн" мерекесіне орай "Республика кубогі" атты студент жастар арасындағы спартакиада ойынының жағары деңгейде өтуіне және бас төрешілік қызметіңізді мүлтіксіз атқарғаныңыз үшін алғыс білдіреміз деніңізге саулық, отбасыңызға амандық қызметіңізге шығармашылық табыс тілейміз. Тастандиев Манат Кыркынбаевич	Қалалық	-	23.10.2024ж	Алғас хат

5.6. Білімгерлердің сабақтан тыс уақытын ұйымдастыру 2023-2024 оқу жылындағы үйірмелер(пәндік) жұмысының кестесі

Р/с	Үйірменің аты	Жетекшісі	Апта күні	Уақыты	Орны	Білімгер саны
1	«Жас бастауыш»	Әлімғазиева Ж	Сейсенбі	15:00-15:45	224	15
2	«Жас ағылшын»	Болысбаева.Г	Дүйсенбі	15:00-5:45	208	12
3	«Жас информатик»	Мақатова А	Бейсенбі	15.30-16.30	218	10
4	«Жас ветеринар»	Сейткүл Б	Сәрсенбі	16.00-16.45	120	10
5	«Жас орманшы»	Қуаныш А	Дүйсенбі	15:00-15:45	210	15
6	«Табиғатты қорғаушы»	Орынбасар Л	Жұма	16.00-16.45	213	10
8	«Жас турист»	Абдимомынова Ұ	Дүйсенбі	15:00-15:45	107	10
9	«Жас программист»	Шалданова Д	Бейсенбі	16.00-16.45	317	10
10	«Жас дизайнер»	Рахаева Э	Сейсенбі	15:00-15:45	206	15

5.7. Колледж жатақхана кеңесінің жұмысы

Тараз инновациялық көпсалалы колледж студенттері Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық «Студенттер үйі» Жамбыл даңғылы 75А мекен-жайында жатады. Білімгерлерді тұратын орынмен қамтамасыз ету мақсатында 360 орынмен қамтылса, соның 56 орнында колледж студенттері жатады. Ата-ана өтініш жазып, барлығы жатқызылды.

Білімгерлер үшін барлық жағдай жасалған. Тәртіпке сай сабаққа дайындалуға арналған оқу залы, ас әзірлеуге және тамақтануға арналған, тоңазытқыш, плита пештермен жабдықталған ас үйі, жуынатын бөлме, теледидары бар демалатын орынмен қамтамасыз етілген. Аптасына бір рет төсек-жабдықтары ауыстырылып тұрады.

Колледж әкімшілігі тарапынан ай сайын арнайы бекітілген кестеге сай күнделікті кешкісін 19.00 – 22.00 аралығында кезекші оқытушылар оқу

залында білімгерлермен бірге болып, олардың сабаққа дайындықтарын қадағалайды.

Тәрбие бөлімі және топ жетекшілер тарапынан бірлескен қоғамдық – мәдени іс-шаралар жиі өткізіліп тұрады.

Жатақханадағы шаруашық жұмыстарын комендант, тәртіпті қадағалау жұмыстары бойынша вахтершілер жұмыс атқарады.

Білімгерлерге жан-жақты әлеуметтік тұрмыс жағдайы жасалған. Сыртта футбол алаңшасы мен жабық мекемеде жаттығу, би залдары бар. Студенттер күніге барып, шынығып, жаттығу жасап тұрады. Сонымен қатар, жатақхана демалыс орнын, асханасын, жуынатын бөлмесін санитарлық – гигиеналық талаптарына сай жабдықталып, жатақхана іші, сырты және бөлмелердің тазалығын, мүліктердің сақталуын және төсек-жабдықтарының уақытылы ауыстырылып отыруын үнемі қадағалау жолға қойылған.

Қысқы және жазғы демалыс кезеңдерінде бөлмелерді ағымдық жөндеуден өткізу және жатақхана бөлмелерін жылу беру кезеңіне дайындау колледж тарапынан жүргізіліп отырды. Жыл басында тәрбие жұмысының жоспары бекітіліп, білімгерлер кеңесі сайланып, білімгерлер жатақхана және колледждің ішкі тәртіп ережелерімен таныстырылды.

Жатақханадағы білімгерлер бос уақыттарында жоспарланған әр түрлі іс-шараларға қатысып отырады. Тәрбие және мәдени-көпшілік жұмыстар жатақханада өз деңгейінде жүріп отырады.

Әлеуметтік -педагогтың ұйымдастыруымен жоспарға сәйкес кеңес отырысы жүргізіліп, оқу залы ағымдағы басылымдар және кітаптармен толықтырылып отырды.

Білімгерлерге демалып, сабақ даярлау үшін барлық жағдай жасалынған. Жатақхана білімгерлері үнемі қоғамдық іс-шараларға тартылып отырады.

5.8. Жастар ісі жөніндегі комитетінің 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмысы

Еліміздің болашағы – бүгінгі жастар. Жастар – біздің болашағымыздың кепілі. Қазіргі кезде жастарды тәрбиелеу ең күрделі әлеуметтік мәселе қатарына жатады. Себебі біліктілігі жоғары мамандар дайындау дегеніміз - оқуды ғана жақсы жолға қою емес, сонымен қатар тәрбие жұмыстарын да дұрыс ұйымдастыру, білімгерлердің өз күштерін іске асыруына мүмкіндік беру және де бос уақыттарын тиімді пайдалануды ұйымдастыру.

Осыған байланысты біздің колледжімізде білімгерлердің сабақтан тыс уақытын тиімді және жан-жақты ұйымдастыру мақсатында клубтар мен үйірмелер жұмыс жүргізеді. Бұл үйірмелер мен клубтар колледж білімгерлерінің 70-80 пайызы тартылған.

Осы клубтар мен үйірмелердің тиімді жұмыс істеуінің арқасында колледж білімгерлері мен оқытушыларының бірлесе отырып жастар тәрбиесін қалыптастыру және патриоттық тәрбиені жақсарту мақсатында жоспарланған мәдени іс-шаралары өз деңгейінде өткізілуде.

Тараз инновациялық көпсалалы колледжі жастар ісі жөніндегі комитетінің 2024-2025 оқу жылының жарты жылдағы атқарған жұмыстарында жалпы 55 іс-шара өтіліп қамтылды.

Қорыта айтқанда, жастар ісі бойынша жоспарға сай екінші жарты жылдықта да бекітілген іс-шаралардың барлығы атқарылады. Сонымен қатар, жоспардан тыс облыс көлеміндегі «Жастар ресурстық орталығы», «Қазақстан студенттер альянсы» ұйымдастырған іс-шараларға колледждің «Студенттік парламент» ұйымы сонымен қатар белсенді студенттеріміз үнемі қатысып отырады. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы кезінде «Өнегелі ұрпақ», «Таза өлке», «Мөлдір бұлақ», «Киелі мекен», «Жасыл аймақ» колледжіміздің студенттерінен арнайы топтар құрылып бірнеше экологиялық тазалық жұмыстары жүргізілді.

Жоспарға сәйкес жарты жыл бойына колледж қабырғасында 35 іс-шара, жоспардан тыс республикалық, облыс, қала көлемде 20 іс-шара, жалпы алғанда 55 іс-шара өткізілді. Қыркүйек-қаңтар айлары аралығында көше мен қоғамдық орындарда жасалатын қылмыстардың, сондай ақ адам өмірі мен денсаулығына қол сұғушылықтың алдын алу бағытында білім басқармасымен және колледжімізге бекітілген инспектор мен бірлескен топ құрылып, түнгі 20:00 – 00:00 аралығында рейдтік іс-шаралар ұйымдастырылды. Жалпы 15 рейд жұмыстары жүргізілді. Былтырғы оқу жылымен салыстырғанда іс-шаралар саны 15% артты. Әрбір өткізілген іс-шаралардың суреттері мен арнайы түсірілген видеороликтері толық ақпараттары колледждің әлеуметтік желісіне салынып отыр.

Іс-шаралардан бөлек студенттеріміз республика, облыс, қала көлемінде өткізілетін түрлі байқауларға, чемпионаттарға, пәндік олимпиадаларға және спорттық жарыстарға қатысып жүлделі орындарды иеленді.

5.9. Дебат клубының жұмысы

Тараз инновациялық көпсалалы колледжінде «Күлтөбе» дебат клубы құрылып, жылдық жұмыс жоспары бекітілді.

Мақсаты:

Заман талабының сұранысына саласы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру. Колледж студенттерін үйірмеге тарту. Колледжішілік пікірсайыс турнирлерін ұйымдастыру, үздіктерді анықтап, ынталандыру. Колледж намысын қорғайтын үздік студенттерді анықтау. Колледж студенттерін колледж аралық, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық пікірсайыс турнирлеріне қатыстыру, тәжірибе алмасу арқылы үздік нәтижелерге қол жеткізу.

Міндеттері:

- Студенттердің шығармашылық қабілеттерінің айқындалуына мүмкіндік беру;
- Шешендік өнер және жұрт алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты жастарды анықтау;
- Колледж студенттері арасында пікір-сайыстың деңгейін көтеру;

- Колледж студенттерінің сын тұрғысынан ойлауын дамыту;
- Өз Отаны Қазақстан, оның басты құндылықтарын құрмет тұтып, мақтаныш сезімдерін қалыптастыру;
- Студенттердің жауапкершілігінің және танымдық қабілеттерін түрлі пікірталастар арқылы ортаға салу;
- Студенттерді коммуникативтілікке, сөйлеу мәдениетіне, сөз өнеріне, тұжырымды ойын дәлелдей білуге баулу;
- Студенттің өзін – өзі тәрбиелеуіне, өзін және өзгені бағалай білуге үйрету;
- Сұлулықты түсіне білуге, өз Отанына, атамекеніне деген патриотымыз;
- Білікті, оқу – тәрбие беру;
- Колледждің үздік оқушыларын анықтап, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық пікірсайыс турнирлеріне қатыстыру.

Күтілетін нәтиже:

Колледж студенттерінің бос уақытын тиімді пайдалану;

- Пікірсайыс арқылы белсенді азаматтық позициясы бар, жаңарған қоғамның жаңа азаматтары тәрбиеленеді.
- Басқа адамдардың көзқарастарымен санаса алатын озық ойлы азаматтардың қатарын көбейту;
- Студенттердің өз бетімен білім алуға, ізденуге дағдыландырады;
- Студенттердің бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасауларына, пікір алмасуына, қарым-қатынас диалогін орнатуға мүмкіндік туғызады;
- Саяси сана сезімі, қоғамға көзқарасы ерекшеленеді;
- Оқулық арқылы берілетін әдеби құндылықты терең меңгереді;
- БАҚ құралдарына, кітапхана оқулықтарынан қажетті мәліметті ала алады;
- Жұрт алдындағы сайыстарға еркін қатысады;
- Заман талабына сай туындаған жастардың өзекті мәселерін талқылап оның шешілу жолында үздік ұсыныстар дайындау.

Жылдық жоспар бойынша жұмыстар жүргізіліп, облыстық деңгейде де дебаттық жарыстар өткізілді.

06.04.2024 жылы Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығы мен Тараз инновациялық көпсалалы колледжінің ұйымдастырумен Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдастырудың студенттері арасында облыстық «Дарындылар көш бастайды» -пікірталас турнирі өткізілді. Турнирге – колледжден франциялар қатысты. Пікірталас турнирге 10 колледжден 15 фракция қатысты. Нәтижесінде «Үздік төреші», «Үздік спикер» т.б номинация және орындармен марапатталды.

21.09.2024 жылы Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығы мен Тараз инновациялық көпсалалы колледжінің ұйымдастырумен Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдастырудың студенттері арасында облыстық «Менің жетістігім- менің нәтижем»-пікірталас турнирі өткізілді. Турнирге – оқу

орындарынан фракциялар қатысты. Пікірталас турнирге 10 оқу орнынан 32 студент қатысты. Нәтижесінде номинация мен орындар берілді.

5.10. Қамқоршылық кеңесі жұмысының орындалуы

Қамқоршылық кеңес-колледждегі оқыту мен тәрбие жұмысын материалдық-техникамен қамтамасыз ету және инновациялық үдірісті жақсарту негізінде құрылған тең құқылы, еркін және заңды жұмыс істейді.

Мақсаты:

Білім беру ұйымына оның жарғылық қызметтерін жүзеге асыруға ықпал ету;

Білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру мақсатында білім алушылар мен педагогикалық ұжым үшін қажетті жағдайлар жасау;

Білім беру ұйымына қаржылық қолдауды, материалдық;

Техникалық базасын күшейтуді қамтамасыз ету;

Білім беру ұйымының әрі қарай дамуына ықпал ету;

Міндеттері:

Оқытушылар, студенттер және ата-аналармен бірлескен жұмыстар жасау;

Студенттердің саяси-экономикалық және әлеуметтік көзқарастарын дамыту, интеллетуалдық-шығармашылық қабілеттерін арттыруға жағдай жасау;

Колледжді материялық-техникалық базамен қамтамасыз етуді нығайту.

Қамқоршылық кеңес негізгі бағыттарда жұмыс жасайды:

Әлеуметтік бағытта - қамқоршылық кеңестің жұмысына колледждегі әртүрлі әлеуметтік-кәсіптік негіздегі жұмыстар атқарылады;

Экономикалық бағытта-қаржылық қаражаттың нақты иесі білім беру мекемесі, реттеушісі-әкімшілік болғандықтан, білім беру мекемесін бюджеттен тыс қаржыландыруды жүзеге асырады. Қаржылық, құқықтық және мүліктік базаның болуы білім беру мекемесі ұжымының еңбек пен білім беру қызметін көрсету нарығында бәсекелік артықшылығын алға қояды;

Саяси бағытта білім беру саясатын жүргізу үшін қамқоршылық кеңестің жергілікті билік органдары мен басқа да әлеуметтік әріптестерді пайдаланады;

Қамқоршылық кеңесті құру тәртібі және оның мүшелерін сайлау колледж директорының шешімі мен бекітіледі;

Қамқоршылық кеңестің шешімдері жазбаша түрде баяндалады, оны қарау колледж директоры мен әкімшілігіне жүктеледі;

Қамқоршылық кеңес өз құзырындағы жұмысты бақылауға, кезекті және кезектен тыс отырыстарды өткізуге, қамқоршылық кеңес отырыстарының материалдарын қамтамасыз етуге және сол материалдарды басқалардан көруіне бақылау жасайды.

Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңесі жұмысы ұйымдастырылған. 2023-2024 оқу жылына жоспарланған жоспар бойынша

барлық қабылданған іс-шаралар мәжіліс отырыстары өтілді. Кеңес отырысында қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын бекітілді.

5.11. «Түнгі қаладағы балалар» профилактикалық іс-шарасы аясында жүргізілген рейд жұмыстары

№	Қатысқан ұйым-дар мен мекемелер-дің өкілдері	Мерзімі	Мазмұны
1	Директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары: Қуанышбек.Қ.Ж Колледж әдіскері: Жунисов А Оқытушы: Абдрасалова Ғ АӘД оқытушысы: Жолдыбай А	01.05.2024ж	«Түнгі қаладағы балалар» респ. жедел-профилакт. Іс-шарасы аясында балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу мақсатында қала аумағында рейд жұмыстарын атқарды. Іс-шара Жеңіс саябағы, Т.Рысқұлов саябағы, Төле би көшесі, Жамбыл даңғылы бойын, сонымен қатар бірнеше түнгі клубтармен, кафелерге кіріп, түсіндіру жұмыстарын жүргіздік.
2	Директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары: Қуанышбек.Қ.Ж Инспектор: Көбетаі М Білім басқармасы	24.05.20204ж	Соңғы қоңырау мерекесі күндеріне орай Білім басқармасымен бірге РОВД-мен бірлесе түнгі рейдтік жұмыстар жүргізілді. Бірлес Жеңіс саябағы, Т.Рысқұлов саябағы, Жастар Аллеясы, Керей мен Жәнібек саябағы, Көне Таразға барып студенттердің бей-мезгіл уақытта жүруін т.б ескертулер жасалды.
3	Директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары: Қуанышбек.Қ.Ж Оқытушы: Төленді.Н АӘД оқытушысы: Жолдыбай А	25.05.2024ж	Мектеп бітірушілердің «Соңғы қоңырау» іс-шарасы аясында қоғамдық тәртіпті, кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және олардың беймезгіл уақытта мекен-жайынан тыс жерде заңды өкілдерінсіз жүруінің алдын алу мақсатында қала аумағында рейд жұмыстарын атқардық. Мереке қарсаңында Орталық алаң, Т.Рысқұлов саябағы, Жеңіс саябағы, Жастар Аллеясына басқа кафелерге барып кеңінен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.
4	Директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары: Қуанышбек.Қ.Ж Инспектор: Көбетаі М	09.09.2024ж	Іс-шара Жеңіс саябағы, Т.Рысқұлов саябағы, Жастар Аллеясы, Орталық алаң, саябақтар мен бірнеше мөлтек аудандар бойынша студенттерге түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Іс-шара барысында жекелеген студенттердің мекен-жайы бойынша зерделеу жұмыстары жүргізілді.
5	Директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары Қуанышбек.Қ. Ж АӘД оқытушысы: Жолдыбай А Колледж әдіскері:	10.10.2024ж	Жастардың мезгілсіз уақытта мопед,скутер айдауына қарсы жұмыстарын жүргізу кезінде, түнгі рейдтік кезекшілік топпен бірнеше орындарға бардық. Саябақтар, көшелер, қала сыртындағы аркаларға дейін барып,тексеріп. Барлық жерді сырттай бақылап қайттық.

	Жунисов А Дене шынықтыру пәнінің оқытушысы: Әмірхан Т, Тастандиев М		
6	Директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары: Қуанышбек.Қ. Ж Директордың құқық жөніндегі орынбасары: Садыгулова М Инспектор: Көбетай М	16.11.2024ж	Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықты анықтау, олардың құқықтық сауаттылығын анықтау мақсатында қала ішіндегі қоғамдық орындар мен ойын-сауық мекемелерінде рейдтік іс-шаралар атқарылды. Жасөспірімдерге түсіндіру жұмыстары жүргізілді.
7	Директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары: Қуанышбек.Қ. Ж Директордың құқық жөніндегі орынбасары: Садыгулова М Инспектор: Көбетай М Оқу шебері: Жапан М	14.12.2024ж	16-желтоқсанға Тәуелсіздік мейрамына орай колледж жатаханасы «Студенттер үйіне» барып түсіндіру жұмыстарын, Орталық алаң, Т.Рысқұлов саябағы, Жеңіс саябағы, Жастар Аллеясында кәмелетке толмаған студенттерге ескертулер мен кеңестер беріліп, заңды өкілісіз сыртта бей-мезгіл уақытта жүрмеулері туралы жұмыстар жүргізілді.

6.ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК ЖӘНЕ ОҚУ-ӨНДІРІСТІК ІС-ТӘЖІРИБЕЛЕРДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ.

Тараз инновациялық көпсалалы колледжінің оқу өндірісінің жұмыстарының 2023-2024 оқу жылы бойынша қорытынды есебі.

Тараз инновациялық көпсалалы колледжінде оқу және кәсіптік тәжірибе жинақтау үрдісі жалпы және арнайы пәндерді тереңдетіп оқытуға, студенттердің мектеп, балабақша, ветеринарлық емдеу орындары мен бақ-саябақ құрылыстарында өздері алып жатқан мамандықтарына бейімделуіне, жеке пән әдістемелері бойынша алған теориялық білімдерін тәжірибе кезінде қолдана білуге мүмкіндік береді.

Колледж студенттерінің кәсіптік тәжірибесі - оқу-тәрбие үрдісінде маңызды рөл атқарып, болашақ мамандарды теориялық және практикалық даярлаудың арасындағы байланыстырушы буын болып саналады, өйткені, кәсіптік тәжірибе оқу орнының тұтас педагогикалық процесінің бөлінбейтін бір бөлігі бола отырып, болашақ маманды дайындаудың теориялық және практикалық бірлігін қамтамасыз етеді.

Кәсіптік тәжірибенің мақсаты- білім алушылардың нәтижеге бағытталған теориялық білімдерін бекітіп, тереңдету, таңдалған мамандық бойынша кәсіби қызметін өз бетімен орындау үшін қажет біліктілік пен

дағдыларды қалыптастыру және тәжірибе кезінде білім алушылардың кәсіби білімін көтеру.

